

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі  
(ҚР Президентінің 13.09.2016 ж. N 328 Жарлығымен құрылды)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 наурызда № 14939 болып тіркелді

Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции

## Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 5), 11) тармақшаларына, 26-бабының 1) тармақшамсына, 27-бабының 2-тармағына, 28-бабының 3, 4-тармақтарына, 29-бабының 2-1-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығымен бекітілген «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне іріктеу қағидаларының 27, 31-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Қоса берілген:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидалары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызмет департаменті заңмен белгіленген тәртіпте:



1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығының» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы** **Қ. Қожамжаров**

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері және  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі төрағасының  
2017 жылғы 21 ақпандағы  
№ 40 бұйрығына 1-қосымша

**«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған  
конкурсты өткізу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына және 29-бабының 2-1-тармағына сәйкес әзірленді және «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Конкурс «Б» корпусының бос және (немесе) уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымы бар (бұдан әрі – бос лауазымдар) мемлекеттік органмен өткізіледі.

3. Конкурс жариялаған мемлекеттік орган бос лауазымға орналасуға кандидаттарды іріктеу үшін конкурс комиссиясын қалыптастырады.

4. Конкурс комиссиясының шешімі бос лауазымға қабылдау немесе мұндай лауазымға қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, жарияланған конкурс, функциялары, өкілеттіктері мен штат саны өзгерістерге жатпайтын мемлекеттік органның құрылымдық пен аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволарының бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурстарды қоспағанда, оны өткізудің кез келген кезеңінде тоқтатылуға тиіс.

**2-тарау. Конкурсты өткізу тәртібі**

6. Конкурс мынадай түрлерден тұрады:

- 1) осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс;
  - 2) барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс;
  - 3) жалпы конкурс.
7. Конкурс бірқатар жүйелі кезеңдерді қамтиды:
- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
  - 2) конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтардың құжаттарын қабылдау;
  - 3) мемлекеттік органның конкурс комиссиясын немесе бірыңғай конкурс комиссиясын құру;
  - 4) конкурсқа қатысушылар құжаттарының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 85 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14542 болып тіркелген) бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік талаптары), жарияланған лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына, сондай-ақ Заңның 16-бабында көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарау;
  - 5) кандидаттармен мемлекеттік органның конкурс комиссиясы өткізетін әңгімелесу;
  - 6) мемлекеттік органның конкурс комиссиясының қорытындысы.
8. Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұрғын жай жалдау, тұру, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.
9. Конкурсқа Заңның 16-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады.
10. Мемлекеттік органға осы Қағидалардың 43, 76 немесе 78-тармақтарында көзделген құжаттарды тапсырған Қазақстан Республикасының азаматтары конкурс қатысушылары болып табылады.

11. Конкурс комиссиясы шешімінің негізінде әңгімелесуге жіберілген конкурс қатысушылары бос лауазымға орналасуға кандидаттар (бұдан әрі – кандидаттар) болып табылады.

12. Конкурс комиссиясы конкурсқа қатысушылар берген құжаттарды қарап, кандидаттармен әңгімелесу өткізеді және бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарға іріктеуді жүзеге асырады.

### **3-тарау. Конкурс комиссиясын қалыптастыру**

13. Конкурс комиссиясы осы Қағидалармен айқындалған тәртіппен тиісті мемлекеттік органның басшысымен немесе жауапты хатшымен (аппарат басшысымен) қалыптастырылады.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген тұлғаның шешімі бойынша конкурс комиссиясының төрағасы тағайындалады.

15. Аудандарда, қалаларда, облыстарда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін бірыңғай конкурс комиссиясын құруға жол беріледі. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық, қалалық, облыстық атқарушы органдардың бірыңғай конкурс комиссиясы осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар тұлғаның шешімімен құрылады.

Бірыңғай конкурс комиссиясының төрағасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның шешімі бойынша тағайындалады.

16. Орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының аудандық аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшелерінде бірыңғай конкурс комиссиясын құруға жол беріледі. Аудандық аумақтық бөлімшелердің бірыңғай конкурс комиссиясы орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен немесе жоғары тұрған органның шешімімен құрылады.

Бірыңғай конкурс комиссиясының төрағасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның шешімі бойынша тағайындалады.

17. Конкурстық комиссия кемінде бес мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады. Бұл ретте орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының

ішінде құрылатын конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның үштен бірінен кем емес мөлшерінде түрлі құрылымдық бөлімшелердің өкілдері қосылады.

18. Конкурс комиссиясының құрамына персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) қызметкерлері не персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) міндетін атқару жүктелген тұлғалар, орналасуға конкурс өткізілетін бос лауазымдары бар құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, сондай-ақ осы Қағидалардың 13-тармағында, 15-тармағының бірінші бөлігінде, 16-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға анықтайтын өзге адамдар енгізіледі.

19. Бірыңғай конкурс комиссиясының құрамына аталған комиссия комиссия солар үшін құрылған мемлекеттік органдардың не мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары енгізіледі.

20. Конкурс комиссиясының құрамына конкурс қатысушысы кірмейді.

21. Конкурс комиссиясының хатшысы оның жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

22. Конкурс комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

23. Конкурсстық комиссияның құрамын өзгерту осы Қағидалардың 13-тармағында, 15-тармағының бірінші бөлігінде, 16-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

24. Конкурс комиссиясы әрбір жарияланған бос лауазым үшін бейінді, ситуациялық және уәждемелік сұрақтар тізбесін қалыптастырады.

25. Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

26. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) қызметкерлері қатыса алады.

27. Байқаушылар әңгімелесу процессінде кандидаттарға сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурс комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, кандидаттардың жеке басы деректеріне қатысты мәліметтерді жариялауға, кандидаттар қатысатын конкурс рәсімдерінде олардың техникалық жазба құралдарын қолдануға жол берілмейді.

28. Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе электрондық көшірмесін, осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың көшірмелерін немесе электрондық көшірмелерін ұсынады.

Бұл ретте, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) әңгімелесу басталғанға дейін құжаттардың көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырып тексереді.

29. Конкурс комиссиясының хатшысы байқаушыларды әңгімелесу басталғанға дейін осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысандағы байқаушыларға арналған жадынамамен таныстырады.

30. Байқаушылар тиісті мемлекеттік органның басшылығына және уәкілетті органға конкурс комиссиясының жұмысы туралы өздерінің пікірлерін жазбаша түрде бере алады.

31. Тар шеңберде мамандырылған лауазымдарға конкурсты өткізген жағдайда осы Қағидалардың 13-тармағында, 15-тармағының бірінші бөлігінде, 16-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның келісімі бойынша конкурс комиссиясының отырысына сарапшылар шақырылады.

Тар шеңберде мамандырылған ретінде мемлекеттік орган қызметшілерінің 5 пайызынан аз қызметші ие болған мамандық болып табылады.

Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда, соның ішінде ғылым саласында жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

32. Сарапшылар әңгімелесуге қатысады, кандидаттарға сұрақ қояды, оның ішінде конкурс комиссиясы қалыптастырған сұрақтар тізбесіне кірмейтін сұрақ қояды, конкурс комиссиясының мүшелеріне кандидаттар туралы өз пікірлерін білдіреді. Конкурс комиссиясының қорытынды отырысына бұл тұлғалар қатыспайды.

33. Конкурс аяқталғанға дейін уәкілетті органдарға ақпарат беруді немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы заңнамасымен бекітілген басқа да жағдайларды қоспағанда мемлекеттік органның қызметкерлерімен конкурс комиссияларының құрамы туралы деректерді жария етуге жол берілмейді.

34. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің жолдамасы бойынша олардың қызметкерлерінің кандидаттармен әңгімелесуіне және конкурс комиссиясының қорытынды отырысына қатысуға жол беріледі.

#### **4-тарау. Осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс**

35. Заңның 29-бабы 1-тармағына сәйкес бос лауазымға орналасу үшін мемлекеттік орган осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурс (бұдан әрі – ішкі конкурс) өткізеді, оған оның ведомствосының, аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілері де, сондай-ақ Заңда және «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңында айқындалған өзге де адамдар қатысуға құқылы.

Персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) немесе бірыңғай конкурстық комиссия құрылған жағдайда ішкі конкурс аталған қызмет немесе комиссия солар үшін құрылған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында өткізіледі.

36. Төменгі болып табылатын бос лауазымға орналасу үшін ішкі конкурс өткізілмейді.

#### **1-параграф. Ішкі конкурс туралы хабарландыру**



37. Ішкі конкурс өткізу кезінде хабарландыру конкурс жариялаған мемлекеттік органның және уәкілетті органның интернет-ресурсында да мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) құрылған жағдайда хабарландыру құрылымында тұратын мемлекеттік органның интернет-ресурсында жарияланады.

38. Конкурс өткізу туралы хабарландырулар жариялағаннан кейін Заңның 15-бабы 3-тармағы, 29-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен конкурстық рәсімдер аяқталғанша, азаматтарды жарияланған лауазымға тағайындауға жол берілмейді.

39. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) мекенжайы көрсетілген конкурс өткізетін мемлекеттік органның атауы, пошталық мекенжайлары, телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары;

2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген бос лауазымдар атауы;

3) мемлекеттік органмен айқындалған біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі (3 жұмыс күні), ол ішкі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;

5) осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесі;

6) әңгімелесу өткізудің мерзімі мен орны;

7) конкурс комиссиясының отырысына байқаушылардың қатысуына қатысты ақпарат;

8) конкурсқа қатысу үшін өтініш нысаны.

40. Егер конкурс «Б» корпусының уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына өткізілсе, бұл шарт конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

**2-параграф. Ішкі конкурсқа қатысатын тұлғалардың құжаттарын қабылдау**

41. Ішкі конкурса қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

42. Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «Е-gov» электрондық үкімет порталы немесе «е-қызмет» интегралды ақпараттық жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

43. Ішкі конкурса қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

44. Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

45. Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

### **3-параграф. Ішкі конкурса қатысушылардың құжаттарын қарастыру**

46. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бір жұмыс күн ішінде конкурс комиссиясы тапсырылған құжаттарды біліктілік талаптарына сәйкестігін қарап, конкурса қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

47. Шешім хаттама түрінде ресімделеді және комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

Конкурс комиссиясының мүшелері шешімге электронды түрде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоя алады.

48. Құжаттарды қарау қорытындысы бойынша конкурс комиссиясының хатшысы әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімін және оны өткізудің кестесін қалыптастырады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі мен әңгімелесуді өткізу кестесі конкурс жариялаған мемлекеттік органның интернет-ресурсында және ғимаратында көпшілікке көрінетін жерлерде конкурс комиссиясымен шешімді қабылдау күннен кейін бір жұмыс ішінде және әңгімелесуді өткізуге дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей орналастырылады.

49. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күн ішінде және әңгімелесуді өткізуге дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылады.

50. Рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссиясы шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күн ішінде бұл туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

#### **4-параграф. Ішкі конкурсқа қатысатын кандидаттармен әңгімелесу**

51. Әңгімелесудің мақсаты кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

52. Ішкі конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны әңгімелесуге кандидаттарды жіберу туралы оларды хабардар еткен күннен бастап үш жұмыс күн ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдарда өтеді.

53. Кандидаттарды бағалау кезінде конкурс комиссиясы біліктілік талаптарына және тиісті бос лауазымның лауазымдық нұсқаулығына сүйенеді.

Екі және одан көп бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидат бір әңгімелесуден өтеді. Әңгімелесу барысында оған әр үміттенген бос лауазым үшін сұрақтар қойылады, және оған қатысты жүргізілетін бағалаудың нәтижелері әр үміттенген бос лауазым бойынша бөлек бағалау парақтары толтырылады.

Бос лауазымға үміткер кандидаттарға сұрақтар тең көлемде қойылады.

Әрбір кандидатпен әңгімелесу барысы техникалық жазба құралдары көмегімен белгіленеді.

Конкурс комиссиясының техникалық жазба құралдарын қолданылғаны туралы конкурс комиссиясының қорытынды отырыс хаттамасында белгі жасалады.

Әңгімелесу барысында техникалық жазба құралдарының көмегімен белгіленген материалдар конкурс аяқталған сәттен үш айдан кем емес мерзім бойы персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) сақталады.

Әңгімелесу кезінде егер конкурс комиссиясы отырысының өтуіне кедергі келтірмеген жағдайда кандидат та техникалық жазба құралдарын қолдана алады.

54. Әңгімелесу өткізу кезінде кандидаттардың конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыпқа эссе жазуларына жол беріледі.

### **5-параграф. Конкурс комиссиясының қорытынды отырысы**

55. Әңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізілетін қорытынды отырыста конкурс комиссиясы кандидаттарды берген құжаттары, өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін іріктеуді жүзеге асырады.

56. Кандидаттарды бағалау нәтижелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысандағы бағалау парағына енгізіледі.

57. Конкурс комиссиясының шешімі кандидат қатыстырылмай, ашық дауыс беру жолымен қабылданады.

58. Конкурс комиссиясының шешімі егер отырысқа оның құрамының үштен екі кем емес бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

59. Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда кандидат оң баға алады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурс комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

60. Конкурс комиссиясының шешімі мен конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған кандидаттардың тізімі конкурс өткізілгеннен кейін бір жұмыс күн ішінде мемлекеттік органның ақпараттық қабырғаларында, баршаға көрінетін жерлерге, сондай-ақ оның интернет-ресурсына орналастырылады.

61. Конкурс комиссиясының хатшысы әңгімелесуден өткен кандидаттарға конкурс нәтижесі туралы, оның аяқталғанынан кейін екі жұмыс күн ішінде хабарлайды.

### **5-тарау. Барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс**

62. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурсқа қатысушылар болмаған кезде немесе мемлекеттік орган құрылған кезде барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс өткізіледі.

Егер бос лауазымдар басқарушы емес болса, немесе тар шеңберде мамандырылған болса, немесе мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының С-Р, Е, Е-Р және Е-С санаттарына жатқан жағдайда мемлекеттік орган Заңның 29-бабы 2-1-тармағына сәйкес барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурсты өткізбестен, жалпы конкурс өткізе алады

63. Барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурсты өткізу тәртібі мен мерзімдері осы Қағидалардың 4-тарауында көрсетілген ішкі конкурстың тәртібі мен мерзімдеріне ұқсас.

64. Барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасында ішкі конкурста конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған қатысушылар болмаған жағдайда жалпы конкурс өткізіледі.

### **6-тарау. Жалпы конкурс**

65. Төменгі болып табылмайтын бос лауазымға орналасу үшін жалпы конкурс орталық атқарушы органда не оның ведомствосында уәкілетті органмен келісу бойынша, ал орталық мемлекеттік органның немесе оның ведомствосының аумақтық бөлімшесінде не жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша өткізіледі.

66. Бос болып табылатын төменгі лауазымға орналасу үшін өткізілетін жалпы конкурс уәкілетті органмен не оның аумақтық бөлімшесімен келісуге жатпайды.

67. Төменгі болып табылмайтын лауазымға орналасуға арналған жалпы конкурс өткізуді келісу үшін, бос лауазымы бар мемлекеттік орган уәкілетті

органға не оның аумақтық бөлімшесіне сұрау жіберіп, оған мынадай құжаттарды қоса береді:

1) осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілерінің арасындағы ішкі конкурс, сондай-ақ барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерінің арасындағы конкурс өткізу туралы мәліметті қамтитын;

2) ішкі конкурстардың конкурс комиссияларының қорытынды отырыстарының хаттамалары.

Мемлекеттік орган осы тармақта көрсетілген құжаттарды тапсырмаған немесе толық емес тапсырған жағдайда, сұрау және қоса берілген құжаттар уәкілетті органмен не оның аумақтық бөлімшесімен олар түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қарастырусыз қайтарылады.

68. Уәкілетті орган не оның аумақтық бөлімшесі тапсырылған материалдарды олар келіп түскен сәттен бес жұмыс күні ішінде қарастырып, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жалпы конкурс өткізуге келіседі және тиісті хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

2) келісуден бас тартады.

69. Осы Қағидалардың талаптарын сақтамау, жалпы конкурс өткізуге келісім беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

### **1-параграф. Жалпы конкурс туралы хабарландыру**

70. Жалпы конкурс өткізу кезінде хабарландыру конкурс жариялаған мемлекеттік органның және уәкілетті органның интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Орталық мемлекеттік органның ведомстволарында және олардың аумақтық бөлімшелерінде конкурс өткізу кезінде хабарландырулар орталық мемлекеттік органның интернет-ресурсында да жарияланады.

Орталық мемлекеттік органдарда, ведомстволарда және олардың аумақтық бөлімшелерінде конкурс өткізу кезінде хабарландыруларды Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға жол беріледі.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда конкурс өткізу туралы хабарландыруларды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға жол беріледі.

Персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) құрылған жағдайда хабарландыру құрылымында тұратын мемлекеттік органның интернет-ресурсында жарияланады.

71. Конкурс өткізу туралы хабарландырулар жариялағаннан кейін Заңның 15-бабы 3-тармағы, 29-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен конкурстық рәсімдер аяқталғанша, азаматтарды жарияланған лауазымға тағайындауға жол берілмейді.

72. Жалпы конкурсты өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) мекенжайы көрсетілген конкурс өткізетін мемлекеттік органның атауы, почталық мекенжайлары, телефон және факс нөмірлері, электрондық почта мекенжайлары;
- 2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген бос лауазымдар;
- 3) мемлекеттік органмен айқындалған біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;
- 4) құжаттарды қабылдау мерзімі (7 жұмыс күні), ол жалпы конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;
- 5) осы Қағидалардың 76 немесе 78-тармақтарында көрсетілген қажетті құжаттар тізбесі;
- 6) әңгімелесу өткізудің мерзімі мен орны;
- 7) конкурс комиссиясының отырысына байқаушылардың қатысуына қатысты ақпарат;
- 8) конкурсқа қатысу үшін өтініш пен қызметтік тізімнің нысаны.

73. Егер конкурс «Б» корпусының уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына өткізілсе, бұл шарт конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

## **2-параграф. Жалпы конкурсқа қатысатын тұлғалардың құжаттарын қабылдау**

74. Жалпы конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «E-gov» электронды үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

75. Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «E-gov» электронды үкімет порталы арқылы берілген жағдайда құжаттардың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелері әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

76. Жалпы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына кандидаттың қызметтік тізімі;
- 3) білімі туралы құжаттар мен олардың көшірмелерінің нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

«Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі.

«Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білімі туралы құжаттарға «Халықаралық бағдарламалар орталығы» Акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық



стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білімі туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған немесе жұмыс орнынан кадр қызметімен куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген 086/е нысандағы денсаулығы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде заңнаманы білуіне тестілеуден өткені туралы шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

8) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды өту туралы қолданыстағы қорытынды (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 маусымда № 11304 тіркелді) бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

10) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 маусымда № 11304 тіркелді) бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

77. Осы Қағидалардың 76-тармағының 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға рұқсат етіледі.

Бұл ретте, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) құжаттардың көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырып тексереді.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайда еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін ұсыну талап етілмейді.

78. Осы Қағидалардың 62-тармағы екінші бөлігінде көзделген жағдайларда жалпы конкурсқа қатысу үшін мемлекеттік қызметші және Заңның 29-бабы 5-тармағы бірінші бөлігінде көрсетілген адам келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) тиісті персоналды басқару қызметімен құжат тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын уақытта расталған қызметтік тізім;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

79. Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

80. Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

81. Конкурс комиссиясының материалдары, конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың қызметтік тізімі, өтініш және құжаттары персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) сақталады.

82. Конкурсстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың өтініштері негізінде оларға осы Қағидалардың 76-тармағының 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында, сондай-ақ 78-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар қайтарылады. Көрсетілген құжаттардың көшірмелері алынады және олар персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) сақталады.

Осы Қағидалардың 76 және 78-тармақтарында көрсетілген құжаттарды сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 22 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10345 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне сәйкес айқындалады.

### **3-параграф. Жалпы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарастыру**

83. Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін екі жұмыс күн ішінде олардың тиісті «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

84. Шешім хаттама түрінде ресімделеді және комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

Конкурс комиссиясының мүшелері шешімге электронды түрде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоя алады.

85. Құжаттарды қарау қорытындысы бойынша конкурс комиссиясының хатшысы әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімін және оны өткізудің кестесін қалыптастырады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі мен әңгімелесуді өткізу кестесі конкурс жариялаған мемлекеттік органның интернет-ресурсында және

ғимаратында көпшілікке көрінетін жерлерде конкурс комиссиясымен шешімді қабылдау күннен кейін бір жұмыс ішінде және әңгімелесуді өткізуге дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей орналастырылады.

86. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күн ішінде және әңгімелесуді өткізуге дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылады.

87. Рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссиясы шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күн ішінде бұл туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

#### **4-параграф. Жалпы конкурсқа қатысатын кандидаттармен әңгімелесу**

88. Әңгімелесудің мақсаты кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

Конкурс комиссиясы жеке қасиеттерді бағалау нәтижелерін ескереді.

89. Жалпы конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны әңгімелесуге кандидаттарды жіберу туралы оларды хабардар еткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдарда өтеді.

90. Жалпы конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу осы Қағидалардың 53-тармағында көрсетілген тәртіпте өткізіледі.

91. Әңгімелесу өткізу кезінде кандидаттардың конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыпқа эссе жазуларына жол беріледі.

#### **5-параграф. Конкурс комиссиясының қорытынды отырысы**

92. Әңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізілетін қорытынды отырыста конкурс комиссиясы кандидаттарды берген құжаттары, өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін іріктеуді жүзеге асырады.

93. Кандидаттарды бағалау нәтижелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысандағы бағалау парағына енгізіледі.

94. Конкурс комиссиясының шешімі кандидат қатыстырылмай, ашық дауыс беру жолымен қабылданады.

95. Конкурс комиссиясының шешімі егер отырысқа оның құрамының үштен екі кем емес бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

96. Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда кандидат оң баға алады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурс комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

97. Талқылау барысы мен конкурс комиссиясының шешімі конкурс комиссиясының төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттама жасауды іске асыратын хатшының қолдары қойылған хаттама түрінде ресімделеді.

Конкурс комиссиясының мүшелері шешімге электронды түрде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қоя алады.

98. Конкурс комиссиясының шешімі мен конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған кандидаттардың тізімі конкурс өткізілгеннен кейін бір жұмыс күн ішінде мемлекеттік органның ақпараттық қабырғаларына, баршаға көрінетін жерлерге, сондай-ақ оның интернет-ресурсына орналастырылады.

99. Конкурс комиссиясы әңгімелесуден өткен кандидаттарға конкурс нәтижесі туралы, ол аяқталғаннан кейін екі жұмыс күн ішінде хабарлайды.

### **7-тарау. Кандидаттың лауазымға орналасуы**

100. Конкурс комиссиясының шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн өткеннен кейін, мемлекеттік лауазымға тағайындауға құқығы бар адам конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған кандидатты жарияланған лауазымға қабылдайды.

Конкурсқа бір кандидат қатысып, ол конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған жағдайда, ол конкурс комиссиясының қорытынды отырысы өткен күннен бастап тағайындала алады.

Мемлекеттік орган жарияланған лауазымға мемлекеттік қызметке алғаш рет кірген немесе мемлекеттік қызметке оны тоқтатқаннан кейін қайтадан кірген азаматтарды қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде олардың құжаттарын ұлттық қауіпсіздік органдарына арнайы тексеруді жүргізу үшін жолдайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілде № 784 қаулысымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда мемлекеттік лауазымға тағайындауға құқығы бар адам кандидатты жоғары тұрған лауазымды тұлғаның келісімі бойынша лауазымға қабылдайды.

### **8-тарау. Шағым жасау тәртібі**

101. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

102. Бес жұмыс күннен кешіктірмей уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне конкурс комиссиясының шешіміне шағым беру, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің келіп түскен шағым бойынша тиісті шешім қабылдауына дейін конкурс комиссиясының шешімінің қолданылуын тоқтата тұруға негіз болып табылады.

103. Уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі келіп түскен шағымды қарайды және оның негізінде тексеру жүргізеді.

104. Жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша осы Қағидалардың бұзылуы анықталған жағдайда, уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі Заңның 5-бабы 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес бұзушылықты жою туралы ұсыныс енгізеді.

105. Уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің ұсынысы конкурс комиссиясының бұрынғы құрамымен оның отырысында қаралады.

Конкурс комиссиясы қабылданған шешім туралы, ол қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде, уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне және шағым берген конкурс қатысушысына немесе кандидатқа хабарлайды.

106. Конкурс қатысушылары мен кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде, сондай-ақ уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері конкурс құжаттарымен, тестілеу және әңгімелесу нәтижелерімен таныса алады.

«Б» корпусының мемлекеттік  
әкімшілік лауазымына  
орналасуға конкурс өткізу  
қағидаларының 1-қосымшасы

**Байқаушыға жадынама**

Байқаушының:

конкурс қатысушысы туралы ақпаратпен танысуға;

олармен әңгімелесуге қатысуға;

әңгімелесу өткізу рәсімі туралы ол аяқталғаннан кейін өз пікірін білдіруге;

әңгімелесу өткізу барысы туралы жалпы баға беруге;

конкурс комиссиясының жұмысы туралы мемлекеттік органның  
басшылығына және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға  
өздерінің пікірлерін жазбаша түрде беруге мүмкіндігі бар.

Байқаушы:

конкурс қатысушыларының жеке басы деректерін жариялай алмайды;

әңгімелесу өткізу процесіне араласуға, конкурс комиссиясы отырысының  
барысына кедергі жасай алмайды;

конкурс қатысушыларына қандай да бір жәрдемдесе алмайды;

конкурс комиссиясының мүшелеріне олардың шешім қабылдауында әсер  
ете алмайды;

нақты конкурс қатысушысы туралы, оның жеке қасиеттері туралы жария  
бағалай алмайды немесе пікірін білдіре алмайды.

«Б» корпусының мемлекеттік  
әкімшілік лауазымына  
орналасуға конкурс өткізу  
қағидаларының 2-қосымшасы

Нысан

\_\_\_\_\_  
(мемлекеттік орган)

**Өтініш**

Мені \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу  
конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс  
өткізу қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және  
орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_



Мекен жайы және байланыс  
телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

«Б» корпусының мемлекеттік  
әкімшілік лауазымына  
орналасуға конкурс өткізу  
қағидаларының 3-қосымшасы

Нысан

**«Б» КОРПУСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМЫНА  
КАНДИДАТТЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ**

**ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК КАНДИДАТА НА АДМИНИСТРАТИВНУЮ  
ГОСУДАРСТВЕННУЮ ДОЛЖНОСТЬ КОРПУСА «Б»**

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) /  
фамилия, имя, отчество (при наличии)

лауазымы/должность, санаты/категория  
(болған жағдайда/при наличии)

ФОТО  
(түрлі түсті/  
цветное,  
3x4)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ		
1.	Туған күні және жері/ Дата и место рождения	
2.	Ұлты (қалауы бойынша)/ Национальность (по желанию)	
3.	Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы/ Год окончания и наименование учебного заведения	
4.	Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) / Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)	
5.	Шетел тілдерін білуі/ Владение иностранными языками	
6.	Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) / Государственные награды, почетные звания (при наличии)	
7.	Дипломатиялық дәрежесі, әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (болған жағдайда) / Дипломатический ранг, воинское, специальное звание, классный чин (при наличии)	
8.	Жаза түрі, оны тағайындау күні мен негізі (болған жағдайда) / Вид взыскания, дата и основания его наложения (при наличии)	
9.		

<p>Соңғы үш жылдағы қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау күні мен нәтижесі, егер үш жылдан кем жұмыс істеген жағдайда, нақты жұмыс істеген кезеңіндегі бағасы көрсетіледі (мемлекеттік әкімшілік қызметшілер толтырады)/</p> <p>Дата и результаты ежегодной оценки эффективности деятельности за последние три года, в случае, если проработал менее трех лет, указываются оценки за фактически отработанный период (заполняется государственными служащими)</p>		
<b>ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ</b>		
Күні/Дата		қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/должность, место работы, местонахождение организации
қабылданған/ приема	босатылған/ увольнения	
<p>_____</p> <p>Кандидаттың қолы/ Подпись кандидата</p>		<p>_____</p> <p>күні/дата</p>

«Б» корпусының мемлекеттік  
әкімшілік лауазымына  
орналасуға конкурс өткізу  
қағидаларының 4-қосымшасы

**Кандидатты бағалау парағы**

(басқарушы лауазымдар үшін)

Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Лауазымы

1-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) \_\_\_\_\_

2-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) \_\_\_\_\_

3-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі) \_\_\_\_\_

Өлшем

Балл \*

1-сұраққа жауап (бейінді)

2-сұраққа жауап (ситуациялық)

3-сұраққа жауап (уәждемелік)

Кәсіби тәжірибе

Білім деңгейі

Басқару дағдылары

Коммуникативтік дағдылар

\*\*

\*\*

Барлығы

Ескертпе:

\* 0-ден 5 баллға дейін қойылады

\*\* қосымша критерий мемлекеттік органмен қажет болған жағдайда дербес айқындалады

1-сұраққа жауап (бейінді):

0 балл – кандидат сұраққа жауап бермеді

1 – 2 балл – кандидаттың қойылған сұрақ тақырыбы бойынша жалпы түсінігі бар

3 – 4 балл – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын жақсы біледі

5 балл – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын толығымен меңгерген

2-сұраққа жауап (ситуациялық):

0 балл – кандидат жауап бермеді

1 – 2 балл – кандидат жағдайға тиімсіз тәсілді сипаттады

3 – 4 балл – кандидат жалпы дұрыс тәсілді сипаттады, бірақ әрекет етудің толық алгоритмін ұсына алмады

5 балл – кандидат дұрыс тәсілді сипаттап, әрекет етудің дәлелді алгоритмін ұсынды

3-сұраққа жауап (уәждемелік):

0 балл – кандидат жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі әлсіз дәлелденген, үйлесімсіз, кандидаттың одан әрі жоспарлары туралы анық түсінігі жоқ

3 – 4 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі және кейінгі жоспарлары жалпы дәлелденген, бірақ анық мақсаттары көрсетілмеген

5 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі дәлелденген, қойылған мақсаттарға табысты жетуге бағытталған

Кәсіби тәжірибе:

0 балл – лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кәсіби тәжірибесі жоқ

1 балл – бір жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

2 балл – бір жылдан екі жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

3 балл – екі жылдан үш жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

4 балл – үш жылдан төрт жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

5 балл – тиісті кәсіби тәжірибесі бес жыл немесе одан астам

Білім деңгейі:

1 балл – білімі сәйкес келеді

2 балл – тиісті саладағы магистр

3 балл – тиісті саладағы PhD доктор

4 балл – тиісті салада ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар

5 балл – тиісті салада ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар

Басқару дағдылары:

1 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі үш жылға дейін

2 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі үш жылдан төрт жылға дейін

3 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі төрт жылдан бес жылға дейін

4 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі бес жылдан алты жылға дейін

5 балл – басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі 6 жыл және одан астам

Коммуникативтік дағдылар:

0 балл – кандидат әңгіме жүргізу қабілетін көрсетпеді

1 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, жетекші сұрақтарға әрекет етпейді

2 – 3 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, бірақ жетекші сұрақтарға әрекет етеді

4 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені жеңіл жүргізеді, бірақ ситуациялық және уәждемелік сұрақтар кезінде ой қисынын жоғалтады

5 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені еркін жүргізеді, кез келген тақырыптағы сұрақтарға оңай жауап береді.

### **Кандидатты бағалау парағы**

(атқарушы лауазымдар үшін)

Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

---

## Лауазымы

1-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі)

2-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі)

3-сұрақ (сұрақтардың жалпы тізіміндегі нөмірі)

	Өлшем	Балл *
1-сұраққа жауап (бейінді)		
2-сұраққа жауап (ситуациялық)		
3-сұраққа жауап (уәждемелік)		
Кәсіби тәжірибе		
Білім деңгейі		
Коммуникативтік дағдылар		
**		
**		
Барлығы		

### Ескертпе:

\* 0-ден 5 баллға дейін қойылады

\*\* қосымша критерий мемлекеттік органмен қажет болған жағдайда дербес айқындалады

1-сұраққа жауап (бейінді):

0 балл – кандидат сұраққа жауап бермеді

1 – 2 балл – кандидаттың қойылған сұрақ тақырыбы бойынша жалпы түсінігі бар

3 – 4 балл – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын жақсы біледі

5 баллов – кандидат қойылған сұрақтың тақырыбын толығымен меңгерген

2-сұраққа жауап (ситуациялық):

0 балл – кандидат жауап бермеді

1 – 2 балл – кандидат жағдайға тиімсіз тәсілді сипаттады

3 – 4 балл – кандидат жалпы дұрыс тәсілді сипаттады, бірақ әрекет етудің толық алгоритмін ұсына алмады

5 балл – кандидат дұрыс тәсілді сипаттап, әрекет етудің дәлелді алгоритмін ұсынды

3-сұраққа жауап (уәждемелік):

0 балл – кандидат жауап ұсынбады

1 – 2 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі әлсіз дәлелденген, үйлесімсіз, кандидаттың одан әрі жоспарлары туралы анық түсінігі жоқ

3 – 4 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі және кейінгі жоспарлары жалпы дәлелденген, бірақ анық мақсаттары көрсетілмеген

5 балл – кандидаттың лауазым таңдау туралы негіздемесі және кейінгі жоспарлары үйлесімді, дәлелденген, қойылған мақсаттарға табысты жетуге бағытталған

Кәсіби тәжірибе:

0 балл – лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салаларда кәсіби тәжірибесі жоқ

1 балл – бір жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

2 балл – бір жылдан екі жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

3 балл – екі жылдан үш жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

4 балл – үш жылдан төрт жылға дейінгі тиісті кәсіби тәжірибе

5 балл – тиісті кәсіби тәжірибесі бес жыл және одан астам

Білім деңгейі:

1 балл – білімі сәйкес келеді

2 балл – тиісті саладағы магистр

3 балл – тиісті саладағы PhD доктор

4 балл – тиісті салада ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар

5 балл – тиісті салада ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар

Коммуникативтік дағдылар:



---

0 балл – кандидат әңгіме жүргізу қабілетін көрсетпеді

1 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, жетекші сұрақтарға әрекет етпейді

2 – 3 балл – кандидат әңгімені қысылып жүргізеді, бірақ жетекші сұрақтарға әрекет етеді

4 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені жеңіл жүргізеді, бірақ ситуациялық және уәждемелік сұрақтар кезінде ой қисынын жоғалтады

5 балл – кандидат кәсіби тақырып бойынша әңгімені еркін жүргізеді, кез келген тақырыптағы сұрақтарға оңай жауап береді.

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі төрағасының  
2017 жылғы 21 ақпандағы  
№ 40 бұйрығына 2-қосымша

**Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік қызметшілерді және мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу ұйымдастыру, бағдарламалары мен қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына және 28-бабының 3 және 4-тармақтарына, «Азаматтардың «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кіруінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 151 Жарлығына сәйкес әзірленді және мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді және мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу тәртібін, бағдарламаларын, тестілеуді ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ тестілеу нәтижелеріне шағым жасау тәртібін айқындайды.

2. Тестілеу мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) немесе оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшісі болып табылатын тестілеу әкімшісімен (бұдан әрі - әкімші) өткізіледі.

3. Тестілеуді өткізудің әділдігі жағдайлардың, уақыттың, нәтижелерді есептеудің, тестердің мазмұнының стандарттылығымен, сондай-ақ әкімшілердің сыбайлас жемқорлықты жібермеу әрекеттері туралы жазбаша шектеулерді қабылдауымен қамтамасыз етіледі.

4. Тестілеу рәсімдерін, тест тапсырмаларының деректер базасын қалыптастыруды және оларды жаңартуды техникалық қамтамасыз ету «Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамымен (бұдан әрі – Орталық) жүзеге асырылады.

## **2-тарау. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алуға үміткерлерді тестілеу**

5. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алуға үміткерлерді (бұдан әрі – «А» корпусының резервіне үміткерлер) тестілеу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасын білуге арналған тестілеу;
- 2) логикалық тест;
- 3) біліктілік деңгейін анықтауға тестілеу;
- 4) мемлекеттік тілді білуге арналған тестілеу.

6. Тестілеу өткізудің кезеңі уәкілетті орган қалыптастырған кестеге сәйкес үш жұмыс күнінен аспайды.

7. «А» корпусының резервіне кандидат осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес тестілеу бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуді «А» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне іріктеуге қатысу туралы өтінішінде көрсетілген «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің санаты бойынша өтеді.

8. Қазақстан Республикасы заңнамасын білуге арналған тестілеудің осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген мәндерден төмен нәтижелерді алған «А» корпусының резервіне үміткерлер, тестілеудің келесі кезеңіне жіберілмейді.

9. «А» корпусының резервіне үміткерлерді мемлекеттік тілді білуге арналған тестілеу ҚАЗТЕСТ – қазақ тілінің деңгейін бағалау жүйесінің стандарттарына сәйкес өткізіледі.

10. Мемлекеттік тілді білуге арналған, сондай-ақ құзыреттер деңгейін анықтауға тестілеудің шекті мәні жоқ.

11. «А» корпусының кадр резервіне бір конкурстық іріктеу аясында «А» корпусының резервіне үміткерлер өтініште көрсетілген тиісті санат, топ және кіші топ үшін әр тестілеу бағдарламасы бойынша бір рет тестілеуден өтеді.

**3-тарау. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеу**

12. Уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді (бұдан әрі – Б» корпусының лауазымына кандидат) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуді азаматтардың өтініш білдіруі бойынша өткізеді.

13. «Б» корпусының лауазымына үміткерлер тестілеуге қатысу үшін тестілеу күніне дейін бір күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүгіну арқылы өтініш (бұдан әрі – Өтініш) тапсырады.

«Б» корпусының лауазымына кандидат Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда, оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

«Б» корпусының лауазымына үміткерлер тестілеуге қатысу үшін құжаттарды «электрондық үкімет» веб-портал арқылы тапсыруға қатысты ақпарат пен кеңесті Мемлекеттік корпорацияда, уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесінде ала алады.

14. «Б» корпусының лауазымына кандидат тестілеудің күнін және уақытын тестілеу өткізуге бар бос орындар негізінде таңдайды.

Тестілеуге жазылу «электрондық үкімет» веб-порталында қалыптастырылатын осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда тестілеу күні, уақыты және өту орны көрсетілген қолхатпен расталады.

15. «Б» корпусының лауазымына кандидат осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес тестілеу бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуден оның өтінішінде көрсеткен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымының санаты бойынша өтеді.

16. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тестілеуден өту үшін мән белгіленбейді.

17. Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестілеудің осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген мәндерден төмен емес нәтиже алған «Б» корпусының лауазымына үміткерге осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысандағы тестілеу өткендігі туралы сертификат (бұдан әрі – Сертификат) беріледі.

Бірінші тестілеу бағдарламасы бойынша берілген сертификат екінші және үшінші тестілеу бағдарламаларына жататын «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметінің лауазымдар санаттарына жарамды.

Екінші тестілеу бағдарламасы бойынша берілген сертификат үшінші тестілеу бағдарламасына жататын «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметінің лауазымдар санаттарына жарамды.

18. Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификаттар тестілеу өткізілген күннен бастап бір жылдың ішінде жарамды.

19. Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуде осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген мәндерден төмен нәтиже алған «Б» корпусының лауазымына үміткерлерге осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысанда мәндерден төмен нәтижелермен тестілеу өткендігі туралы анықтама беріледі.

Бұл жағдайда, қайта тестілеуге алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап екі айдан кем емес мерзімнен кейін жол беріледі.

20. Сертификат оның қолданылу мерзімі ішінде жоғалған немесе бүлінген жағдайда «Б» корпусының лауазымына үміткерлер осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысандағы сертификаттың телнұсқасын электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгіну арқылы ала алады.

#### **4-тарау. Б» корпусының лауазымына үміткерлердің жеке қасиеттерін бағалауды жүргізу тәртібі**

21. «Б» корпусының лауазымына үміткерлердің жеке қасиеттерін бағалау тестілеу нысанында жүргізіледі.

22. «Б» корпусының лауазымына үміткерлердің жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу олардың Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуді аяқтағаннан кейін тестілеу кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте, жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуге осы Қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуде мәндерден төмен нәтиже алған адамлар жіберілмейді.

23. Тестілеу бағдарламаларында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуде мәндерден төмен емес нәтиже алған және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуге тестілеу кестесіне сәйкес келмеген адамлар жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуге осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарымен белгіленген тәртіпте қатысуға жіберіледі.

24. «Б» корпусының лауазымына кандидат осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес тестілеу бағдарламасы бойынша жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуден оның өтінішінде көрсеткен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымының санаты бойынша өтеді.

25. «Б» корпусының лауазымына үміткердің жеке қасиеттерін бағалауға тестілеудің нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысандағы қорытынды беріледі.

«Б» корпусының лауазымына үміткердің жеке қасиеттерін бағалауға тестілеудің нәтижелері бойынша берілген қорытындылары осындай тестілеу өткізілген күннен бастап бір жыл ішінде жарамды.

### **5-тарау. Тестілеуді ұйымдастыру тәртібі**

26. Тестілеуге ЖСН бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаты бар адамлар жіберіледі.

Тестілеуге қатысу үшін кандидат қолхатта көрсетілген уақыттан кешікпей тестілеу залына келуі тиіс.

27. Тестілеу басталғанға дейін әкімші тестіленуші адамларды тестілеу бойынша нұсқаулықпен таныстырады және оларда тестілеу рәсімдеріне қатысты туындаған сұрақтарға жауап береді.

28. Тестілеу сәтінде өзін нашар сезінген адамлар ол туралы әкімшіге тестілеу өткізу басталғанға дейін хабарлайды. Бұл жағдайда ол адамларды тестілеу осы күнгі басқа уақытта немесе тестілеу кестесіне сәйкес басқа күні өткізіледі.

29. Тестілеу кестесі автоматты түрде айқындалады.

30. Тестілеу залы ұялы байланысты тұншықтыратын құралмен, сонымен қатар «Б» корпусы лауазымына кандидатты сәйкестендіру мақсатында картридермен жабдықталады.

31. Әрбір жұмыс станциясы кандидатты суретке түсіру және тестілеу процесіне бейне жазба жүргізу үшін веб-камерамен жабдықталады.

32. Тестілеуден өтетін адамдар басқа адамдармен сөйлеспейді, материалдармен алмаспайды, қағаз, электрондық және өзге де акпараттарды қолданбайды, орын-жайды тастап кетпейді.

Тестілеуден өтетін адамдарға тестілеу залына қабылдайтын-беретін электрондық құрылғылар (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтар) кіргізуге рұқсат берілмейді. Мұндай құрылғылар тестілеуді өткізу уақытында ұяшықтары бар арнайы шкафтарға сақтауға салынады.

33. Тестіленуші адам осы Қағидалардың 32-тармағының талаптарын бұзған жағдайда әкімші осындай адамның тестілену процесін тоқтатады және оны тестілеу үшін орын-жайдан шығарып жібереді.

Бұл ретте әкімші бір жұмыс күн ішінде осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысандағы Қағиданы бұзу туралы актіні (бұдан әрі – бұзу туралы акт) толтырады.

Акт толтырылған адамлар қайта тестілеуді бұзу болған күннен бастап алты айдан кем емес мерзімнен кейін өтеді. Осы Қағидалардың 32-тармағының талаптарын бұзған адамлардың тестілеу нәтижелері жойылады.

34. Тестілеуді еңсерілмейтін күш жағдайлары (дүлей апаттар, әскери қимылдар), салдарынан, сонымен қатар техникалық ақаулықтарға байланысты себептермен жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда тестілеу тоқтатыла тұрады және осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысандағы тестілеуді тоқтата тұру туралы акт жасалады.

Мұндай жағдайда, «Б» корпусының лауазымына кандидат тестілеуге осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарында айқындалған тәртіпте жазыла алады.

35. Тесттерді орындауға берілген уақыт біткенде, тестілеу автоматты түрде жабылады.

36. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу компьютерлік тестілеу бағдарламасының көмегімен автоматты түрде жүзеге асырылады.

37. Тестілеу аяқталғаннан кейін жиырма минуттан кеш емес уақытта адамларға тестілеу әкімшісінің және оператордың қолы қойылған, мөрмен расталған тестілеу нәтижелері беріледі.

### **6-тарау. Тестілеу нәтижелеріне шағым жасау тәртібі**

38. Үміткерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеу нәтижелері бойынша шағымдарын қарастыру және олардың құқықтарын қорғау мақсатында уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде апелляциялық комиссиялар құрылады.

39. Апелляциялық комиссияның төрағасы және құрамы уәкілетті орган басшысының немесе оның аумақтық бөлімшелерінің бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссияның құрамына бақылаушы ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері қосылуы мүмкін.

40. Апелляциялық комиссияның жұмысын апелляциялық комиссияның төрағасы, немесе апелляциялық комиссияның төрағасы болмағанда төрағаның орынбасары басқарады.

Апелляциялық комиссияның іс-қағаздарын жүргізу уәкілетті орган басшысының немесе оның аумақтық бөлімшелерінің бұйрығымен тағайындалатын хатшымен жүзеге асыралады.



41. Аумақтық бөлімшелердің апелляциялық комиссиясы тестілеу бағдарламаларында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеудің төмен нәтижесін алған «Б» корпусының лауазымына үміткерлерден апелляцияға шағымдарын қабылдайды және қарастырады.

42. Апелляцияға кандидаттан келесі шағымдар қабылданады:

- 1) нақты сұрақтардың қисындығына шағымдану;
- 2) техникалық ақаулықтарға сілтеме жасап, тестілеу нәтижелеріне шағымдану;
- 3) тестілеу қағидаларын бұзу туралы актіге шағымдану;
- 4) тестілеудің қалыпты барысына кедергі болған жағдайларға сілтеме жасап, тестілеу нәтижелеріне шағымдану.

43. Осы Қағидалардың 1 және 4-қосымшаларында көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуде мәндерден төмен нәтиже алған үміткерлерден 12-қосымшаға сәйкес нысандағы апелляцияға шағым апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке беріледі. Апелляцияға шағым тестілеуден өткен күннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қабылданады және апелляциялық комиссияның отырысында апелляциялық комиссиямен айқындалған кестеге сәйкес қарастырылады.

Апелляциялық комиссияның отырысы түскен шағымдардың санына байланысты өткізіледі.

44. Апелляциялық комиссияның отырысында апелляцияға шағым берген үміткерлердің тестілеудің толық нәтижелері қарастырылады.

Тестілеудің толық нәтижелері өзіне үміткердің дұрыс жауап бермеген тест тапсырмалары және оның жауап нұсқасы қосады.

45. Апелляцияға шағым берген үміткерлердің тестілеудің толық нәтижелері апелляциялық комиссияға Орталықпен сұрау бойынша ұсынылады.

Бұл ретте, тестілеудің толық нәтижелері «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісімен ресімделеді және үміткерлерға тек танысу үшін беріледі.

46. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның

шешімдері екі данада жасалуы және осы отырысқа қатысқан апелляциялық комиссияның барлық мүшелерімен қол қойылуға тиіс хаттамалармен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның отырысы хаттамасының екінші данасы Орталыққа жіберіледі және бір жыл ішінде сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болады.

47. Апелляциялық комиссия апелляцияға берілген шағымды қарастыру нәтижесі бойынша екі шешімнің бірін қабылдайды:

- 1) апелляцияны қанағаттандырусыз қалдыру;
- 2) үміткердің апелляциясын қанағаттандыру және оны тестілеуді қайта тапсыруға жіберу.

Бұл ретте, үміткер Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуді қайта тапсыруға бір рет қана жіберіледі.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 1-қосымша

**«А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алуға  
үміткерлерды Қазақстан Республикасы заңнамасын білуге арналған тестілеу  
бағдарламалары**

1. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алуға  
үміткерлерды Қазақстан Республикасы заңнамасын білуге арналған тестілеу үш  
бағдарламадан тұрады:

1) бірінші бағдарлама «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметі  
лауазымдарының (бұдан әрі – «А» корпусының лауазымдары) бірінші және  
үшінші санаттарына арналған және Қазақстан Республикасының Конституциясын  
(10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (10 сұрақ),  
«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі  
туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (10 сұрақ)  
конституциялық заңдарын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі  
туралы»(10 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»(10 сұрақ),  
«Әкімшілік рәсімдер туралы» (10 сұрақ), «Құқықтық актілер туралы» (10 сұрақ),  
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі  
басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі  
туралы» (10 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан  
Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен  
бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін  
(Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) (10 сұрақ) білуге  
арналған тестерді қамтиды.

Бірінші бағдарлама бойынша тестерді орындау үшін жалпы уақыт 90  
минутты құрайды.

2) екінші бағдарлама «А» корпусы лауазымдарының екінші санатына  
арналған және Қазақстан Республикасының Конституциясын (10 сұрақ),  
«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан

Республикасының Үкіметі туралы» (10 сұрақ) конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (10 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (10 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (10 сұрақ), «Құқықтық актілер туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (10 сұрақ), Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) (10 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестерді қамтиды.

Екінші бағдарлама бойынша тестерді орындау үшін жалпы уақыт 90 минутты құрайды.

3) үшінші бағдарлама «А» корпусы лауазымдарының төртінші санатына арналған және Қазақстан Республикасының Конституциясын (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (10 сұрақ) конституциялық заңдарын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (10 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (10 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (10 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) (10 сұрақ) білуге арналған тестерді қамтиды.

Үшінші бағдарлама бойынша тестерді орындау үшін жалпы уақыт 75 минутты құрайды.

2. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің кадр резервіне алуға үміткерлер үшін тестілеуді өту мәні әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша мүмкін болған 10 жауаптан кем дегенде 7 дұрыс жауапты құрайды.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 2-қосымша

НЫСАН

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері  
және сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-  
қимыл агенттігі

\_\_\_\_\_ тел.

\_\_\_\_\_ эл. мекенжайы

### Өтініш

Мені «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметінің мемлекеттік тіл мен заңнаманы білуге \_\_\_\_\_ бағдарламасы және жеке қасиеттерді бағалаудың \_\_\_\_\_ бағдарламасы бойынша тестілеуге жіберуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуді ұйымдастыру, бағдарламалары мен қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Тестілеу өту мекенжайы: \_\_\_\_\_.

Тестілеу өтуді қалаған күні: \_\_\_\_\_.

Тестілеу өтуді қалаған уақыты: \_\_\_\_\_.

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_ ж.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 3-қосымша

НЫСАН

**ҚОЛХАТ**

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға үміткердің  
өтініші қабылданды.

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Тестілеу өту күні: \_\_\_\_\_

Тестілеу өту уақыты: \_\_\_\_\_

Тестілеу өту мекенжайы: \_\_\_\_\_

Тестілеу бағдарламасы: \_\_\_\_\_

Тестілеу бағдарламасында көзделген құқықтық актілер:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Ескертпе: Қазақстан Республикасы заңнамасын білуге арналған тестілеуден  
өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған «Б» корпусының лауазымына

үміткерлер қайта тестілеуді алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап екі айдан кем емес мерзімнен кейін өтеді.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның автоматтандырылған тестілеуді өтуге тіркеу жүйесімен «электрондық үкімет» порталы арқылы берілді.

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 4-қосымша

**«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға  
үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен  
заңнамаларын білуге арналған тестілеу бағдарламалары**

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға  
үміткерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын  
білуге арналған тестілеу үш бағдарламадан тұрады:

1) бірінші бағдарлама А-1, А-2, А-3, А-4, А-5, В-1, В-2, В-3, В-4, С-1, С-2, С-3, С-О-1, С-О-2, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, Е-1, Е-2 санаттарына  
арналған және келесіні қамтиды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20  
сұрақ), ұзақтығы 20 минут;

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан  
Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының  
Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық  
заңдарын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ),  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік  
рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және  
заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік  
көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының  
заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік  
қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп  
қағидаларын) (10 сұрақ) білуге арналған тестер.

Бірінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері барлық нормативтік  
құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (145 сұрақ) кем дегенде  
102 дұрыс жауапты және әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем  
дегенде 5 дұрыс жауапты құрайды.



Бірінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт 115 минутті құрайды.

2) екінші бағдарлама В-5, В-6, С-4, С-5, С-О-3, С-О-4, С-О-5, С-О-6, С-Р-2, С-Р-3, С-Р-4, D-4, D-5, D-О-3, D-О-4, D-О-5, D-О-6, Е-3, Е-Р-1, Е-Р-2, Е-Р-3, Е-Г-1, Е-Г-2 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут;

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) (10 сұрақ) білуге арналған тестер.

Екінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (130 сұрақ) кем дегенде 78 дұрыс жауапты және әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 5 дұрыс жауапты құрайды.

Екінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт 105 минутті құрайды.

3) үшінші бағдарлама С-Р-5, Е-4, Е-5, Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Г-3, Е-Г-4 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут;

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы

жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) (10 сұрақ) білуге арналған тестер.

Үшінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (100 сұрақ) кем дегенде 50 дұрыс жауапты және әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 5 дұрыс жауапты құрайды.

Үшінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт 85 минутті құрайды.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 5-қосымша

НЫСАН

**СЕРТИФИКАТ**

\_\_\_\_\_ «Б» корпусының

Сурет

(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуден \_\_\_\_\_ қала-  
сында \_\_\_\_\_ бағдарлама бойынша « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. өткенін растайды.

Тест атауы

Тестілеу сұрақтарының/ тапсырмалардың саны

Тестілеуді өту мәні

Дұрыс жауап-  
тардың саны

ҚОРЫТЫНДЫ

Сертификаттың қолданылу мерзімі тестілеу өткен күннен бастап бір жыл  
болып табылады.

Осы сертификат «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметінің

\_\_\_\_\_

санаттарына жарамды.

Тестілеу әкімшісінің қолы: \_\_\_\_\_

Тестілеу операторының қолы: \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

М.О.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына б-қосымша

НЫСАН

**Тестілеуді өту мәндерінен төмен нәтижелерімен тестілеуден өткені туралы  
АНЫҚТАМА**

\_\_\_\_\_ (үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Сурет

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуден \_\_\_\_\_ қала-  
сында «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндерінен төмен нәтижелерімен тестіле-  
уден өткені туралы берілді.

Тест атауы

Тестілеу сұрақтарының/ тапсырмалардың саны

Тестілеуді өту мәні

Дұрыс  
жауаптар-  
дың саны

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы үміткер қайта тестілеуді осы тестілеу өткізілген күннен бастап екі  
айдан кем емес мерзімнен кейін өте алады.

Тестілеу әкімшісінің қолы: \_\_\_\_\_

Тестілеу операторының қолы: \_\_\_\_\_

М.О. «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
ағидаларына 7-қосымша

НЫСАН

**ТЕЛНҰСҚА****СЕРТИФИКАТ**

\_\_\_\_\_ «Б» корпусының

Сурет

(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуден \_\_\_\_\_ қала-  
сында \_\_\_\_\_ бағдарлама бойынша «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. өткенін растайды.

Тест атауы

Тестілеу сұрақтарының/ тапсырмалардың саны

Тестілеуді өту мәні

Дұрыс жауап-  
тардың саны**ҚОРЫТЫНДЫ**

Сертификаттың қолданылу мерзімі тестілеу өткен күннен бастап бір жыл  
болып табылады.

Осы сертификат «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметінің

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

санаттарына жарамды.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның  
автоматтандырылған сертификат телнұсқасын беру жүйесімен «электрондық  
үкімет» порталы арқылы берілді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 8-қосымша

## **«Б» корпусының лауазымына үміткерлердің жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу бағдарламалары**

«Б» корпусының лауазымына үміткерлердің жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу екі бағдарламадан тұрады:

1) бірінші бағдарлама А-1, А-2, А-3, В-1, В-2, В-3, В-4, С-1, С-2, С-3, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-О-4, С-Р-1, С-Р-2, С-Р-3, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2, Е-3, Е-Р-1, Е-Р-2, Е-Р-3, Е-Г-1, Е-Г-2 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:

бастамашылық (12 тапсырма), коммуникативтілік (12 тапсырма), сараптамалық (12 тапсырма), ұйымдасқандық (12 тапсырма), стратегиялық ойлану (12 тапсырма), көшбасшылық (12 тапсырма), әдептілік (12 тапсырма), сапаға бағдарлану (12 тапсырма), тұтынушыға бағдарлану (12 тапсырма), жемқорлыққа шыдамау (12 тапсырма) деңгейін анықтауға арналған тестер;

Бірінші бағдарлама бойынша тестерді орындау үшін жалпы уақыт 90 минутті құрайды.

Бірінші бағдарлама үшін мүмкін болатын 4 (төрт) баллдан қатерлі аймақ: бастамашылық – 1,5 балл, коммуникативтілік – 2 балл, сараптамалық – 2,5 балл, ұйымдасқандық – 1,5 балл, стратегиялық ойлану – 1,5 балл, көшбасшылық – 1,5 балл, әдептілік – 1,5 балл, сапаға бағдарлану – 1,5 балл, тұтынушыға бағдарлану – 1,5 балл, жемқорлыққа шыдамау – 2 балл.

2) бағдарлама А-4, А-5, В-5, В-6, С-4, С-5, С-О-5, С-О-6, С-Р-4, С-Р-5, D-4, D-5, D-О-4, D-О-5, D-О-6, Е-4, Е-5, Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Г-3, Е-Г-4 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:

бастамашылық (12 тапсырма), коммуникативтілік (12 тапсырма), сараптамалық (12 тапсырма), ұйымдасқандық (12 тапсырма), әдептілік (12 тапсырма), сапаға бағдарлану (12 тапсырма), тұтынушыға бағдарлану (12

---

тапсырма), жемқорлыққа шыдамау (12 тапсырма) деңгейін анықтауға арналған тестер;

Екінші бағдарлама бойынша тестерді орындау үшін жалпы уақыт 75 минутті құрайды.

Екінші бағдарлама үшін мүмкін болатын 4 (төрт) баллдан қатерлі аймақ: бастамашылық – 1,5 балл, коммуникативтілік – 1,5 балл, сараптамалық – 2 балл, ұйымдасқандық – 1,5 балл, әдептілік – 1,5 балл, сапаға бағдарлану – 1,5 балл, тұтынушыға бағдарлану – 1 балл, жемқорлыққа шыдамау – 2 балл.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 9-қосымша

НЫСАН


**«Б» корпусының лауазымына үміткерлердың жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу қорытындысы бойынша тұжырым**

Тестіленушінің ТАӘ (ол болған жағдайда):

Сурет

Тестілеу күні мен уақыты:

«Б» корпусы лауазымының санаты



Қатерлі аймақ - бұл үміттенген лауазымда қызмет ету үшін жеке қасиеттерін көрсету деңгейінің жеткіліксіздігінің сипаттамасы.

Тестілеу әкімшісінің қолы: \_\_\_\_\_

Тестілеу операторының қолы: \_\_\_\_\_

М.О.



Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 10-қосымша

НЫСАН

### Тестілеу ережелерін бұзу туралы АКТ

201\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ мин.

Тестілеу әкімшісі

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тестілеу операторы

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Қызметшінің/үміткердің

\_\_\_\_\_ ЖСН

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларының 32-тармағын бұзу фактісі анықталды:

\_\_\_\_\_ (Қағидаларды бұзудың қысқаша сипаты)

Тестілеу әкімшісінің қолы:

---

Тестілеу операторының қолы:

---

Актімен таныстым:

---

(жоғарыда аталған Ереже бұзушылыққа жол берген қызметшінің/үміткердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)). Жоғарыда аталған Ереже бұзушылыққа жол берген қызметшінің/үміткердің осы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда – тиісті жазба)

---

(жоғарыда аталған Ереже бұзушылыққа жол берген қызметшінің/үміткердің осы актіге қол қоюдан бас тартқанын растайтын басқа адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН)

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 11-қосымша

НЫСАН

### Тестілеу рәсімін тоқтату туралы акті

Күні: \_\_\_\_\_ қаласы

Біз, төменде қол қойғандар, тестілеу рәсімін тоқтату туралы осы актіті 20\_\_  
жылдың

«\_\_» \_\_\_\_\_ сағ. \_\_ мин.

- байланыс ақауының  
 компьютерлік техника ақауының  
 тоқ қуаты ақауының  
 өзге себептің

салдарынан жасадық.

Тестілеуді тоқтату себебі бойынша қосымша ақпарат:

Тестілеу келесі адамларға қатысты тоқтатылды:

1. Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) ЖСН

Тестілеу залы әкімшісінің

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) мен қолы:

Тестілеу залы операторның

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) мен қолы:

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді,  
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға  
орналасуға үміткерлерді тестілеуді  
ұйымдастыру, бағдарламалары мен  
қағидаларына 12-қосымша

нысан

Мемлекеттік қызмет істері  
жөніндегі  
уәкілетті органның

\_\_\_\_\_ бойынша  
аумақтық бөлімшесі  
апелляциялық  
комиссиясының Төрағасына

\_\_\_\_\_ (тестіленуші адамның Т.А.Ә.  
(ол болған жағдайда))

\_\_\_\_\_ (тестіленуші адамның ЖСН)  
Тел.

\_\_\_\_\_ Эл.

\_\_\_\_\_ мекенжайы \_\_\_\_\_

**Өтініш**

Мені, 20\_\_ жылдың \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қ.

(тестілеу күнін көрсету)

өткен Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеу  
нәтижелері бойынша шағымдануға рұқсат беруді сұраймын.

Тестілеу нәтижелеріне шағым беру талабымның мәні:

---

---

---

---

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуді ұйымдастыру, бағдарламалары мен қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі төрағасының  
2017 жылғы 21 ақпандағы  
№ 40 бұйрығына 3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің күші  
жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 12 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12639 болып тіркелді).

2. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Министрінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 81 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 19 мамырда № 13720 болып тіркелді).

3. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 12 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 104 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 23 маусымда № 13817 болып тіркелді).